

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штат санының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 тамыз N 867 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.12.29. N 1443 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. 5546-әскери бөлім мемлекеттік мекемесінің штат саны 179 бірлікке ұ л ғ а й т ы л с ы н .

2. "Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының шекті штат санын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 8 қазандағы N 1018-74 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ведомствоға қарасты ұйымдар" деген жолда "28839" деген сан "29018" деген санмен ауыстырылсын;

"Ішкі әскерлер құрамалары мен бөлімдері" деген жолда "21048" деген сан "21227" деген санмен ауыстырылсын;

"оның ішінде мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер" деген жолда "15190" деген жол "15296" деген санмен ауыстырылсын;

"Жиыны" деген жолда "84647" деген сан "84826" деген санмен ауыстырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі